

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

«Ақ жол» ҚДП фракциясының  
депутаттарына  
(тізім бойынша)

2021 жылғы 22 желтоқсандағы № ДС-347

**Құрметті депутаттар!**

Мұнай-газ машиналарын жасауды дамытудың халықаралық орталығының (бұдан әрі – орталық) және «Шеврон» компаниясының тікелей инвестициялар қорының (бұдан әрі – Қор) жұмысына қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

***Орталықтың қызметіне қатысты***

Орталық – коммерциялық емес ұйым, ол үшінші тараптардың қызметін қаржыландырмайды.

Толыққанды жұмыс істеуі үшін дайындық рәсімдерінен (*келісу, жарғы, келісімдер және т.б.*) өтудің ұзақ болғандықтан, Орталық өзінің негізгі қызметіне 2021 жылғы қазанда ғана кірісті.

*Анықтама:* Орталықтың негізгі қызметі Қазақстанның мұнай-газ саласы үшін тауарлар өндірісін дамытуға жәрдемдесу болып табылады:

- мұнай-газ машинасын жасауды дамыту бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- «Теңізшевройл» ЖШС, Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.және Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н. В. ақпараты негізінде мұнай-газ машина жасау тауарларына қатысты деректерді жинау және талдау;
- мұнай-газ саласының мұқтаждығы үшін өнімді өндіру және кейіннен жеткізу үшін мүмкіндіктерді әзірлеуде жергілікті және халықаралық өндірушілерді талдау, сондай-ақ ірі операторлар үшін әлеуетті өнім берушілер ретінде қатысу мүмкіндіктері;
- мұнай-газ тауарларын жергілікті және шетелдік компаниялардың оқшаулауына жәрдемдесу үшін инвестициялар тартуға қолдау көрсету;
- мұнай-газ машина жасау саласындағы халықаралық тәжірибені талдау.

Бүгінгі күні Орталық оқшаулауға болатын 35 мыңнан астам тауарға талдау жүргізді және ірі операторлар аса қажет ететін үш тауар тобын анықтады – тиек арматурасы (клапандар), электр-техникалық жабдық, бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика.

Ірі өндірушілермен өзара түсіністік туралы келісімдерге қол қойылды.

***Анықтама:***

- Honeywell (АҚШ) өндірістерді оқшаулау бөлігінде: температура түрлендіргіштері, газ детекторлары, жарылыстан қорғалған басқару жүйелерінің шкаптары;

- *PetrolValves (Италия)* – бекіту арматурасының (клапанның) негізгі номенклатурасының өндірісін оқшаулау;

- *Sigma Solutions (Қазақстан)* – жарылыстан қорғалып орындалған электр тарату қораптары мен электр жылыту жүйелерінің өндірісі;

- *Elektro Servve (Малайзия)* – сорғылар, электр қозғалтқыштары және компоненттер өндірісі.

Қазіргі өндірістік қуаттарды және оларды ұлғайту/жақсарту мүмкіндіктерін айқындау, сондай-ақ қазіргі олқылықтарды талдау мақсатында 2021 жылғы қазан-қарашада еліміздің 13 өңірінде шамамен 50 жергілікті өндірушінің өндірістік алаңдарына бару арқылы көшпелі іс-шаралар өткізілді.

Орталық биыл жергілікті өндірушілердің әлеуетін дамыту жоспарын іс жүзінде іске асыруға кіріседі, оның ішінде оларды іріктеу, оларға қаржы-экономикалық модельді әзірлеуге жәрдемдесу, техникалық сүйемелдеу және басқа да қолдау.

### ***Қордың қызметіне қатысты***

2021 жылдың қазан айында «Шеврон» компаниясы мен Энергетика министрлігі қорды құру бойынша ағымдағы жұмыс аясында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Қор шеңберінде «Шеврон» жергілікті өнім берушілерді дамыту әлеуетімен мұнай-газ саласында тауарлар өндіру мен қызметтер көрсетуді, ақпараттық және цифрлық технологияларды, қоршаған ортаны қорғауды қоса алғанда, әртүрлі салалардағы коммерциялық кәсіпорындарға инвестиция құю жолымен Қазақстан экономикасын дамытуға үлес қосуды жоспарлап отырған құрал болып табылады.

«Шеврон» 248,5 млн АҚШ доллары көлемінде қаражат бөлді.

Қор «Астана» халықаралық қаржы орталығында тіркелген. 2021 жылғы 29 желтоқсаннан бастап жобаларды қаржыландыруға өтінімдер қабылдау басталды, олар Қордың ресми веб-сайты арқылы қабылданады және онда құжаттарды тапсыру өлшемшарттары мен талаптары жарияланады. Өтініш беруден қаражат бөлуге дейінгі Процесс 1-6 айға созылады.

**Р. Скляр**

## Тізім:

С. Ерубает  
А. Перуашев  
Е. Барлыбаев  
Б. Дүйсенбинов  
А. Әбілдаев  
Д. Еспаева  
А. Жұмабаева  
Қ. Иса  
А. Линник  
Е. Өмірғали  
М. Раманкүлов  
Ғ. Хамзин